

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Қызметтің атауы	Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау
Қызметті көрсететін мемлекеттік орган	Мемлекеттік қызмет облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
Өтініштерді қабылдауды және нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мекеме	Көрсетілетін мемлекеттік қызметке <a href="#">өтінішті</a> қабылдау және қорытындыларын беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдарымен жүзеге асырылады.
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғаларға
Қызметтің құны	тегін
Қызметкөрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті берушіге өтінімді тапсырған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні; 2) өтінімді тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.
Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін нысаны	қағаз түрінде
Жұмыс кестесі	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес <a href="#">мереке</a> және <a href="#">демалыс күндерінен</a> басқа дүйсенбі – жұма аралығында 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Өтінім қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.
Қажетті құжаттар	Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды: 1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына <a href="#">1-қосымшаға</a> сәйкес нысан бойынша гербицидтер субсидиялар алуға өтінімді; 2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына <a href="#">2-қосымшаға</a> сәйкес нысан бойынша биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидиялар алуға өтінімді ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның сенімхат бойынша өкілі) қажетті құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде, қағаз тасығыштағы өтінімнің қабылданғанын растау көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде оның көшірмесінде өтінімді қабылдау уақыты мен күні, құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле

	отырып, тіркеу туралы белгі қойылғаны болып табылады.
Мемлекеттік қызметтің нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушылардың банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлем құжаттарын ұсыну.